



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

арттыруға үлкен рөл атқаратындығын байқаймыз. Қорытынды жасай отырып, қаржылық есептілік аудиті барлық мемлекеттік органдардың өз қызметінің тиімділігін арттыруға, бухгалтерлік есеп жүргізу кезінде ықтимал қателіктердің алдын алуға және түзетуге, сондай-ақ қаржыландырудың жаңа көздерін іздеуге көмек көрсете отырып, нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі болды деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ляззат Зияденовна Государственный финансовый контроль [Электронный ресурс] <https://mbook.kz/> Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің ресми сайты - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kz>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ БЕЙІМДЕУ

Әділбекова А., Қадирбаева М.А., Сұлтан Н.А.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: nuraika2700@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит жүйесін халықаралық тәжірибеге бейімдеу мәселесі қарастырылады. Әлемдік кейбір елдердің мемлекеттік аудит жүйесі, құрылымы және жұмыс істеу принциптеріне жан-жақты сипаттама беріледі. Сонымен қатар, қазақстандық мемлекеттік аудит моделінің одан әрі дамытылуы керек тұстары ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит, мемлекеттік қаржы, қаржылық бақылау, сапа бақылауы, қаржылық есептілік, қаржылық есептілік аудиті, бұрмаланушылықтар.

Аннотация: В данной статье рассматривается вопрос адаптации системы государственного аудита Республики Казахстан к международной практике. Дается всесторонняя характеристика системы, структуры и принципов функционирования государственного аудита некоторых стран мира. Вместе с тем, раскрываются моменты, по которым должна развиваться казахстанская модель государственного аудита.

Ключевые слова: государственный аудит, государственные финансы, финансовый контроль, контроль качества, финансовая отчетность, аудит финансовой отчетности, искажения.

Abstract: This article discusses the issue of adapting the state audit system of the Republic of Kazakhstan to international practice. A comprehensive description of

the system, structure and principles of functioning of the state audit of some countries of the world is given. At the same time, it reveals the points on which the Kazakhstan model of state audit should develop.

Key words: state audit, state finances, financial control, quality control, financial statement, financial audit, distortions.

Қазақстандық қоғамның дамуы және мемлекеттік аппаратқа жүктелген міндеттер мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа форматты жұмыс істеуін талап етеді. Шет елдердің тәжірибесіне сүйеніп, экономикасы дамыған елдерде тәуелсіз қаржылық бақылаудың жетекші нысаны аудит болып табылатынын атап өтуге болады. Біздің елімізде де аудиттің мемлекеттік жүйесі пайда бола бастаған.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Біз ең озық халықаралық тәжірибеге негізделген мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құруымыз керек» [1].

Осы стратегияға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 2013 жылғы 18 маусымда № 609 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудитті жүргізу тұжырымдамасы» әзірленіп, бекітілді [2].

Осы Тұжырымдамада мемлекеттік қаржылық бақылауды кезең-кезеңмен реформалаудың және мемлекеттік аудиттің енгізілуін және оның функционалдық бағыттарын одан әрі кеңейтудің негізгі көзқарастарын айқындайды. Тұжырымдаманың басым бағыттарын іске асыру барысында 2015 жылғы 12 қарашада «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы Заңы қабылданды [3].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы аудит жүйесі сыртқы және ішкі аудит органдарымен сипатталады. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті - «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жоғары органы болып табылады [3]. Есепкомитеті Қазақстан Республикасының Президентінің тікелей бағынады және есеп береді.

Есеп комитетінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Есеп комитеті мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, өзінің туы, логотипі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есепшоттары болады.

Есеп комитетінің құрылымын Есеп комитетінің Төрағасы, мүшелері және аппараты құрайды. Есеп комитетінің штат саны лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Есеп комитетінің қызметі Есеп комитетінің Төрағасы бекітетін жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларына, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасында да мемлекеттік аудит пайда болып, дамып келеді. Дегенмен де, бұл сала – салыстырмалы түрде жас сала болып табылады. Сол себепті, халықаралық тәжірибеге сүйену қажетті деп санаймыз.

Ұзақ мерзімді перспективада бұл саланың дамуын анықтайтын әлемнің озық елдеріндегі мемлекеттік қаржылық бақылауды дамытудың негізгі үрдістері басқарушылық функция ретінде басқарудың маңыздылығын, бюджеттік саясатты әзірлеуде мемлекеттік бақылау органдарының сарапшылық әлеуетін толық көлемде пайдалану қажеттілігіне, соның ішінде бюджеттік жүйені теңгерімдеу мәселелеріне байланысты, мемлекеттік шығыстардың тиімділігін бақылауға бағытталған.

Есеп комитеті Төрайымы мен мүшелерінің өкілеттіктері төменде келтірілген 1- кестеде анықталған.

Кесте 1. Есеп комитетінің Төрайымы мен мүшелерінің өкілеттіктері.

ЕсепкомитетіТөрайымыныңөкілеттіктері	Есепкомитеті мүшелерініңөкілеттіктері
1	2
<p>-Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларын бекітеді;</p> <p>-Есеп комитеті мүшелерінің өкілеттіктерін айқындайды, лауазымды адамдарының арасында міндеттерді бөледі, Есеп комитеті мүшелерінің және оның аппаратының жұмысын ұйымдастырады;</p> <p>-өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Есеп комитетінің отырыстарында қабылданған қаулылар мен өзге де актілерге қол қояды;</p> <p>-ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының және Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары төрағаларының қарауына Есеп комитеті мүшелерінің кандидатуралары бойынша оларды қызметке тағайындау кезінде ұсыныстар енгізеді;</p> <p>-Есеп комитеті аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;</p> <p>-мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін бекітеді;</p> <p>- мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесі шеңберінде жүзеге асырылатын мемлекеттік аудит жоспарларын бекітеді;</p> <p>-Есеп комитеті аппаратының қызметкерлерін мемлекеттік лауазымға</p>	<p>-өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасының талаптарын сақтайды, тексерілетін мемлекеттік аудит объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі жасамауға және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпауға тиіс;</p> <p>-ҚР Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкі басқармасының және ҚР мемлекеттік органдары алқасының отырыстарына қатысуға құқылы;</p> <p>-құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын ескере отырып, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, сондай-ақ сараптамалық-талдау қызметін жүргізу мәселелеріне қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізе алады;</p> <p>-мемлекеттік аудит объектілерінен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, сондай-ақ сараптамалық-талдау қызметін жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді;</p> <p>-мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ сараптамалық-талдау қызметін жүргізу үшін қажетті ресурстардың көлемін</p>

<p>тағайындайды және мемлекеттік лауазымнан босатады; -республикалық және шетелдік органдармен, ұйымдармен және лауазымды адамдармен өзара қарым-қатынастарда Есеп комитетінің атынан өкілдік етеді; -Есеп комитеті Төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші және консультативтік-сараптамалық органдар құрады; -ҚР заңдарында көзделген жауаптылықта болады; -мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; -ҚР заңдарына және ҚР Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p>	<p>анықтай отырып, өз құзыреті шегінде мемлекетті аудит бағдарламаларын бекітеді; -Есеп комитетінің мемлекеттік аудиторларына тексерулер жүргізуге тапсырмалар береді; -ҚР Парламенті палаталарының тұрақты комитеттерінің кез келген ашық және жабық отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқылы; -Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p>
<p>Ескерту – кесте келесі әдебиет көзі негізінде құрастырылды [6]</p>	

Н.М.Гусеваның айтуынша, бұл үрдістер келесідей болуы тиіс:

- ғылыми қауымдастықта тәжірибелі аудиторлар мен аудиторлар арасында белгілі бір бақылау функцияларын жеке аудиторлық фирмаларға мемлекеттік шығындарды тексеру бөлігінде беру туралы ұсыныс талқыланды;


- қаржылық бақылау іс-әрекетінің шығармашылық компонентінің арта түсуі, өздерінің пікірлері мен көзқарастары бойынша жоғарғы басқару органдарын қалыптастыру және білдіру қажеттілігі, сондай-ақ олардың мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы;

- бақылау іс-шараларын стандарттау мәселелері қаралды. Қаржылық бақылаудың әртүрлі ғылыми көзқарастары мен түрлерін бақылау практикасында, сондай-ақ оларды қолданудың оңтайлы ара-қатынасын үнемі іздестіруде көрініс тапқан мемлекеттік қаржылық бақылаудың күрделі сипатын жобалауға баса назар аударылды [4, б.5].

Осы үрдістерге назар аударып, АҚШ мемлекеттерінің тәжірибесін қарастырайық.

«Бірінші бағдарламалық бюджеттеудің» әдіс үлгісін қабылдаған 1960 жылы АҚШ болатын [5, б.64]. Сондықтан қазіргі таңда АҚШ көптеген тәжірибе жинаған, әсіресе, бағдарламаларды бюджеттеу, бақылау және мемлекеттік бағдарламаларды бағалау ерекше дамыған.

АҚШ-тың аудиторлық жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1. АҚШ-тың аудит жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы.

Көптеген елдердегідей, АҚШ үкіметінде ағымдағы бақылау жұмыстары атқарушы органмен жүргізіледі. Конгресс сондай-ақ қаржылық бақылау үдерісіне қатысады: заңнамалық тындау кезінде, сондай-ақ Конгресске бағынышты Құрама Штаттардың Орталық басқармасы (GAO) жұмыс атқарады. GAO 1921 жылы атқарушы биліктің заң шығарушылары тарапынан бақылау жасау үшін ұйымдастырылады және бірінші кезекте Конгресстің бастамасы бойынша аудит жүргізіледі. GAO – ның құзыретіне бюджеттік шығыстардың классикалық қаржы аудитін жүргізуі, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу аудиті мен стратегиялық бағдарламалары кіреді. Жыл сайын шамамен 1 мың тексеру жүргізіледі және шамамен 3,3 мың адам жұмыс істейді.

Конгресстің кез келген мүшесі мемлекеттік бағдарламаларды бағалау туралы өтініш беруі мүмкін. GAO функциялары мыналарды қамтиды:

- федералдық бағдарламаларды, саясатты, операцияларды және жұмыстарды бағалау;
- қаржылық аудит;
- мемлекеттік қызметті қаржыландыруды бақылау;
- қажетті шаралар мен ұсынылатын шаралардың құнын бағалау.

Федералды атқарушы билік органдарында ішкі бақылауды Әкімшілік бюджеттік органы жүзеге асырады (OMB). OMB федералды министрліктің деңгейінде ең қуатты ведомстволардың бірі. OMB басшысы Америка Құрама Штаттарының Президенті Әкімшілігімен бірдей АҚШ Министерлер кабинетінің мүшесі болып табылады.

Ағымдағы бақылауды негізінен федералды органдардың өздері жүзеге асырады. Президент әкімшілігі операциялық бақылауға жауапты департаменттерде арнайы құрылымдар құрады. АҚШ-тың заң шығарушы органы тарапынан мемлекеттік бағдарламалардың сыртқы стратегиялық аудитін GAO жүзеге асырады, бұл өте маңызды ресурстары бар мемлекеттік орган және әрекет етудің кең мандаты. Сонымен қатар, OMB мен GAO бағдарламаларды бір-біріне қарамастан бағалайды және бір-бірімен бәсекелеседі. Мұндай ұйымдарға коммерциялық емес ұйымдар мен ғылыми-зерттеу институттары, жеке қорлар, кәсіби қауымдастықтар, азаматтық бірлестіктер және т.б. кіреді. АҚШ федералды ведомстволары өз қызметінің

нәтижелері туралы, соның ішінде Интернет желісінде өте маңызды ақпаратты жариялағандықтан, қоғамдық ұйымдар өздерінің мемлекеттік бағдарламаларын бағалауға мүмкіндік алады. Бұл бағалау көбінесе саяси немесе кәсіби тұрғыдан бағаланатынына қарамастан, тұтастай алғанда АҚШ-тағы саяси дәстүрде тәуелсіз бақылаушылар ретінде қоғамдық ұйымдардың рөлі оң деп саналады. Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау АҚШ атқарушы және заңнамалық билік органдары тарапынан ескеріледі.

Мемлекеттік бағдарламаларды қабылдау және жүзеге асыру жоспарларына қатысты шешімдерді қабылдау құралы ретінде ақпаратқа деген сұраныс тәуелсіз зерттеу орталықтарының дамуы үшін үлкен мәнге ие болды, олар «ойлау орталықтары» болып табылады.

АҚШ-та «ойлау фабрикасы» - бұл тек азаматтық қоғамның құрылымы және қоғамдық пікірді білдіру формаларының бірі ғана емес, бұқаралық коммуникацияның барысында қазіргі проблемаларға шоғырландырылған қоғамдық көзқарас қалыптасатын мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары. «Зияткерлік заттары» АҚШ-та мемлекеттік плюрализмнің негізін құрайды. Ол мемлекеттік саясаттың көптеген мүдделі топтардың еркін өзара әрекеттесу процесінде, олардың арасында бейбіт бәсекелестік туындаған, нәтижесінде қанағаттандырылған топтық мүдделердің табиғи теңгерімін қалыптастырады және жүзеге асырады.

Зерттеу орталықтары ұсынатын ақпараттық және сараптамалық бағалау заманауи азаматтық қоғамды дамытудың маңызды элементі болып табылады.

Құрама Штаттардағы саяси шешімдерді қабылдау үдерісіне зерттеу орталықтарының әсері, рөлі және қатысуы айтарлықтай байқалған, бірақ орын алған іс-әрекеттердің нысандары мен әдістері 1990-2000 жылдары қарастырылған. Дегенмен әр түрлі калибрлі қолданыстағы әкімшіліктердің ақпараттық-аналитикалық қызметтері, ішкі және сыртқы саясатқа қатысты негізгі құжаттарды әзірлеу, танылған ұғымдарды танымал ету, қоғамдық пікірге әсер етуі өте үлкен рөл атқарады.

Бүгінгі Канададағы аудитті қарастырайық. Мемлекеттің қаржылық бақылауды ұйымдастырудағы Канаданың тәжірибесі әртүрлі жағдайларға байланысты біз үшін қызықты.

Біріншіден, Канада сегіздік сегменттің мүшесі және Америка Құрама Штаттарына, Еуропалық Одақ елдеріне және Жапонияға лайықты бәсекелестікке ие болып, жаһандық экономикада ерекше орын алады. Канада әлемдегі ең маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша екінші орында, тек АҚШ-тан кейін ғана. Сонымен бірге, соңғы жылдары Ресей-канадалық қарым-қатынастар түрлі салаларда: экономикалық, саяси, гуманитарлық және т.б.

Екіншіден, Ресейде жақында ашылған әкімшілік-бюджеттік реформаларының бірқатар маңызды бағыттарында канадалық тәжірибені белсенді пайдаланып келеді, бұл өз кезегінде Канаданың қаржылық бақылауды ұйымдастыру және реттеу тәжірибесін талап етеді.

Аудиторлық Кеңесінің Басқармасы (ОАГ) Канададағы мемлекеттік қаржылық бақылаудың ең жоғары органы болып табылады. Мемлекеттік қаржының механизмінде оның айрықша рөлі, бақылау функциясы болмаса, тұтастай қаржының бар екендігін елестету мүмкін емес екенімен түсіндіріледі. Мемлекеттік қаржының тиімділігі қаржылық бақылаудың ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Аудиторлық Кеңесінің қызметкерлері әртүрлі мамандықтар бойынша 600-ден астам қызметкерден тұрады. Аталған қызметкерлердің жұмыс істеу салалары 2-суретте көрініс тапқан.



Сурет-2. Канаданың Аудиторлық Кеңесінің қызметкерлері жұмыс істейтін салалар.

Аудиторлық кеңесінің Бас офісі Канаданың астанасы Оттава қаласында орналасқан. Канаданың тағы төрт қаласында (Галифакс, Монреаль, Эдмонтон және Ванкувер) Кеңесінің аймақтық кеңселеріне орналасқан.

Аудиторлық қызмет Бас басқармасының қызметін Бас аудитор басқаратын басқарушы кеңес ұйымдастырады. Басқару кеңесі Бас аудитордың бір орынбасарынан және 11 ассистенттен тұрады.

Аудитордың 11 ассистентінің әрқайсысы аудиторлық қызметтің нақты бағытын басқарады, ол Аудитордың Бас басқармасының тиісті құрылымдық бөлімшесін құрады. Әрбір осындай бағытта Аудитордың Бас кеңесі аудит жүргізетін объектілердің белгілі бір саны беріледі. Мемлекеттік аудит атқарушы биліктің барлық салаларында: денсаулық сақтау, мәдениет, қаржы, ауыл шаруашылығы, көлік, ғылым және білім саласында жүзеге асырылады. Канадада қоршаған ортаны қорғау іс шараларын қаржыландыруға ерекше көңіл бөлгендіктен, 1995 жылы қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі арнайы комиссар лауазымы құрылды.

Жалпы аудиторлар 70-тен астам федералды министрліктер мен ведомстволар, 100 мемлекеттік корпорациялар мен мемлекеттік кәсіпорындар,

Канаданың үш солтүстік аумағының үкіметтері, БҰҰ-ның кейбір мекемелері, ЮНЕСКО және Канада орналасқан басқа да халықаралық ұйымдарды бақылайды.

Аудиторлық бюро кеңсесінде қолдау көрсету қызметтері құрылды: стратегиялық жоспарлау, әдіснама, ішкі аудит, халықаралық қатынастар, құқықтық қолдау, парламентаралық қатынастар және т.б

Канаданың мемлекеттік аудиторлық механизміндегі ерекше орын «сыртқы» кеңесшілерге тағайындалады. Олар Бас аудитордың жұмыс істейтін кеңесшілер топтарына біріктіріледі. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша сарапшылар тобы тікелей қоршаған ортаны қорғау және оның көмегімен оның кеңесі Аудиторға кеңес береді.

Канада – өнімді аудиттің пионері. Ол үкіметтің қаржылық-шаруашылық қызметіне тек заңдылықты тексеру тәжірибесінен бас тартып, әлемдегі тұңғыштың бірі болды. Канаданың Парламенті төменгі палатасының Бас аудиторының кеңесі және заң шығарушы аудит деп аталатын институционалдық негізін құрайтын Қоғамдық Есеп комитеті мемлекеттік бағдарламалардың орындалуының тиімділігін бақылап, нәтижесінде мемлекеттік ресурстардың тиімділігін қадағалайды.

Қазақстан мен Канададағы мемлекеттік аудитті жүргізу тәсілдерімен салыстыра қарастыра отырып, негізгі айырмашылықты анықтауға болады. Қазақстанда мақсаттары мен пәніне сәйкес, сәйкестік аудиті дербес те, қаржылық есептілік пен тиімділік аудиттері құрамында да жүргізілуі мүмкін, ал Канадалық тәжірибеде бұл аудит түрі дәстүрлі түрде жүргізілмейді және тек қаржылық есептілік аудиті мен тиімділік аудитінің құрамдас бөлігі болып саналады. Әрине, сәйкестік аудитін жүргізудің осындай тәсілі шығындарды азайтуға ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде жаңғырту мен оңтайландыруға бағытталғандықтан, жалпы алғанда экономика мен қоғамның прогрессивті дамуына әсерін тигізеді [6, б.91].

Сонымен қатар, сәйкестік аудитін жүргізудегі Канаданың тәжірибесі Қазақстан үшін толықтай үйлеспейді, себебі дербес жүргізілетін сәйкестік аудиті, әсересе бюджетке қаражат түсуі мен оны пайдалану операцияларының аудиті кезінде, мемлекеттік аудиттің материалдарымен толық танысуды көздейді.

Сонымен, халықаралық тәжірибеге негізделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудитін дамытудағы проблемаларды зерделеу негізінде келесі шешімдер ұсынамыз:

1. Жаһандық дағдарыс контекстінде мемлекеттік кірістер мен шығыстардың бүкіл жүйесін қайта қарау, бюджеттің кіріс бөлігін кеңейту, салықтың ашықтығын арттыру, шығындарды оңтайландыру және бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануды жою ұсынылады. Бюджеттік бенефициарлардың қаржылық тәртібін қамтамасыз етуге шақырылған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына айрықша рөл беріледі.

2. Мемлекеттегі түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарда, оның ішінде реттеуші органдармен және негізінен бюджет және қаржы саласында тиімді

жұмыс істейтін халықаралық тәжірибені қолдану ұсынылады. Белгілі бір елде қалыптасқан мемлекеттік қаржылық бақылаудың қазіргі жүйесі мемлекеттік дамудың тарихи аспектілеріне қатысты өз сипаттамаларына ие. Бұған қоса, әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі және мемлекеттік қаржы ресурстарын басқарудағы ажырамас элемент болды. Сондықтан еліміз үшін мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырудағы және жұмыс істеудегі әлемдік тәжірибені зерттеу үлкен қызығушылық тудырады.

3. Мемлекеттік аудитті енгізу арқылы «Жүйені қайта жүктеу» көптеген проблемалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Ақыр аяғында бұл қолданыстағы менеджмент жүйесін толық бағалауға және одан әрі тиімді дамыту бағыттарын анықтайды.

4. Ғаламдық ұйымдардың бір бөлігі бола отырып, Қазақстандағы көптеген аудиторлық компаниялар сандық технологияларды пайдаланады. Мысалы, аудитті жоспарлау үшін цифрлық форматта үлкен көлемдегі есептік деректерді өңдеу пайдаланылады. Сондай-ақ, РПА-ның аудит процестері автоматтандыру да түбірден басталады. Ең үлкен және ең иллюзорлық тәжірибе аудит үшін ІТ-платформалар болып табылады, олар белгілі бір компанияның аудитін жүргізуге ғана емес, сонымен қатар клиентпен байланысуға да қолданылады. Осыған байланысты цифрлық технологияны белсенді пайдалану ұсынылады.

Нәтижеге бағдарлай отырып бюджеттеуді енгізу кезінде оны бюджет процессін ұйымдастыру тетігі ретінде ғана емес, агенттіктердің қызметіне 61 парламенттік бақылауды жүзеге асыру тетігі ретінде пайдалану болжанады. Парламенттің көзқарасы бойынша агенттіктердің есептері оларды нақтылайтынға нәтижелі мақсаттарға қолжеткізуді бағалауға мүмкіндік береді. Швецияның бұл тәжірибесін Қазақстан мемлекеттік аудит органдарының тәжірибесіне енгізуге болады деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасында Канада елі сияқты квазимемлекеттік сектор объектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізіледі. Оны жүргізу коммерциялық аудиторлық фирмаларға жүктелген. Десе де біздің ойымызша, бұндай аудитті Канада тәжірибесіне сүйене отырып ең кемінде бес жылда бір рет мемлекеттік аудит органдарына жүктеген дұрыс деп есептейміз.

Қазақстан тәжірибесінде де ұлттық бағдарламалар аудиті орын алуда. Десе де, демографиялық саясатқа бет бұрып, сондай арнайы бағдарлама қабылдау қажетті деп есептейміз және оны нықтасаыру ойынша стратегиялық аудитін Есеп комитеті іске асыруға тиіс деп пайымдаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, «Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» <http://adilet.zan.kz>

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2013 жылғы 18 маусымда № 609 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудитті жүргізу тұжырымдамасы» <http://adilet.zan.kz>

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы <http://adilet.zan.kz>

4. Н.М. Гусевой // сборник конференции XIII Апрельской Международной научной конференции «Модернизация экономики и общества». –Москва. 5 апреля 2019. – С.3-5.

5. Роговский Е.А. Новая национальная стратегия американской стандартизации // США–Канада: ЭПК. – 2019. – № 9. – С. 64–78.

6. Б.А. Алибекова, А.Б. Зейнельгабдин, С.Б.Мақыш, А.М. Мухаметкарим, С.Н. Нугербек, Д.М.Нурхалиева, Б.О. Туребекова, С.К. Тажикенова, А.А.Карыбаев /под.ред.К.Е.Джанбурчина //Государственный аудит. Учебник. / - Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2016 – 375 с

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮРДІСІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бияхмет А.А.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы
E-mail: aruzhanbiyakhmet24@gmail.com

Аннотация: Қазіргі таңда, кез-келген ел үшін мемлекеттік аудит саласы мемлекетті басқару жүйесінде маңызды орын алады. Себебі аудит ол - мемлекеттердің экономикасының жетілуінде маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада шет елдердің мемлекеттік аудиттің қалыптасуы мен олардың саяси жүйелерінің ерекшеліктеріне талдау және бағалау жұмыстары көрсетілген.

Түйінді сөздер: мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, заң, Аудиторлар палатасы, ішкі аудит, Жоғары қаржылық бақылау органы, Есеп комитеті, кәсіби этика

Аннотация: В настоящее время для любой страны сфера государственного аудита занимает важное место в системе управления государством. Потому что аудит играет важную роль в совершенствовании экономики этих государств. В данной статье представлена работа по анализу и оценке формирования государственного аудита зарубежных стран и особенностей их политических систем.